

Ж.А. Манкеева* 

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*e-mail.ru: mankeeva1950@mail.ru

ЭТНОМӘДЕНИ МАЗМҰН ЖӘНЕ СӨЗ СИНЕРГИЯСЫ

Аннотация. Мақалада «ғаламның тілдік бейнесінің» этномәдени мазмұнында айқындалатын қазақ сөзінің синергиясын антропоэзектік парадигма шегінде зерттеу мәселесі сөз болады.

Осымен байланысты тіл иесінің (тұлғаның) шындықты көркем бейнелеуінде басым болатын шығармашылық, жасампаздық болмысы, сезімдік танымы (поэтикалық) және түсіндірушілік (прагматикалық) сипатына ерекше назар аударылады. Мысалы В. Гумбольдттың тілді адамның ойы мен саналы мәдениетін оның рухани өмірімен тыңыз байланысты қарайтын «ұлттың өзіне тән, іштей дамиді рухын сөз байлығы мен көркем тілі арқылы сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беругі күш – тіл» деген лингвистикалық философиясына сай тұжырымы мен А.Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деген қағидасы сөз синергетикасының антропоэзектік ұстанымы ретінде түсіндіріледі. Соған сәйкес мақалада «ғаламның тілдік бейнесі» тіл иесінің рух қызметін, оны бейнелеудің тәсілі ретінде қарастырылса, ал сөз синергиясы рух қызметі деңгейі де айқындалады.

Бұл мәселені зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізі ғылым мен техника дамуының жоғары деңгейі мен адам әрекетінің интеграциялық сипатына сай жаһандану заманында қалыптасқан транспәндік (пәнаралық) әдіснама ретіндегі лингвосинергетика парадигмасына сүйенетіні әлемдік тіл білімінде айқындалып отыр. Сондықтан жаратылыстану ілімдері саласынан ауысқан синергетика термині (гр. *synergikos* – «біріккен әрекет», «ықпал», «әсер») компоненттер мен кіші жүйелердің құрылымындағы бір-бірімен күрделі түрде әрекеттесуі нәтижесінде ұйымдасуға әкелетін ортақ жүйені анықтайтын пәнаралық бағытқа қатысты лингвистика да қолданылады.

Тірек сөздер: этномәдени мазмұн, ғаламның тілдік бейнесі, синергия, хаос, бифуркация, диссипация т.б.

Ж.А. Манкеева*

Институт языкознания имени А.Байтұрсынова, Алматы, Казахстан

*e-mail.ru: mankeeva1950@mail.ru

ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ СОДЕРЖАНИЕ И СИНЕРГИЯ СЛОВА

Аннотация. Статья посвящена проблеме антропоцентрического исследования синергии казахского слова на основе этнокультурного содержания в «языковой картине мира». В этой связи особое внимание уделяется следующим свойствам носителя языка (языковой личности) как его творческая и созидательная сущность, чувственное восприятие (поэтическое) и интерпретирующий (прагматический) характер, обосновывающие художественное изображение в языке. Художественное слово,

выражающее внутренний дух народа т.е. лингвофилософской идеи В.фон Гумбольдта и суждения А.Байтурсынова о том, что «если исчезнет язык, исчезнет и его носитель (этнос)» заложили основу принципов характеризующих антропоцентрическое направление в определении синергии слова. В соответствии с этим, если «языковая картина мира» рассматривается как способ отражения духа носителя языка, а синергия слова определяется на уровне деятельности духа.

В статье «языковая картина мира» рассматривается как живая деятельность духа, способ его выражения, а синергия языка определяет уровень проявления деятельности духа. Научно-методическая основа исследования данной проблемы опирается на трансдисциплинарную методологию в рамках лингвосинергетической парадигмы, которая развивается в лингвистике в эпоху-глобализации. Она характеризует высокий уровень развития науки и техники и интеграции человеческой деятельности. Поэтому термин синергетика (гр. Synergitikos – «совместная деятельность», «влияние») трансформированный из сферы естествознания, выражает компоненты и подсистемы в структуре общей системы, которые сформировались в результате внутренней организации сложных взаимоотношений. Это явление в соответствии меж-дисциплинарной тенденции применяется и в исследовании языка.

Ключевые слова: этнокультурное содержание, языковая картина мира, синергия, хаос, бифуркация, диссипация и др.

ZH.A. Mankeeva*

A.Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty Kazakhstan

*e-mail.ru: mankeeva1950@mail.ru

ETHNO-CULTURAL CONTENT AND SYNERGY OF THE WORD

Abstract. The article is devoted to the problem of anthropocentric research of the synergy of the Kazakh word on the basis of ethno-cultural content in the «linguistic picture of the world». In this regard, special attention is paid to the following characteristics of a native speaker (linguistic personality) as its creative and creative essence, sensory perception (poetic) and interpretive (pragmatic) character, substantiating artistic representation in language. An artistic word expressing the inner collapse of the people, i.e. the linguophilosophical ideas of V.von Humboldt and the judgments of A.Baitursynov that «if the language disappears, its carrier (ethnos) will disappear» laid the foundation for the principles characterizing the anthropocentric direction in determining the synergy of the word. In accordance with this, if the «linguistic picture of the world» is considered as a way of reflecting the spirit of a native speaker, and the synergy of the word is determined at the level of the activity of the spirit.

In the article «the linguistic picture of the world» is considered as the living activity of the spirit, the way of its expression, and the synergy of language determines the level of manifestation of the activity of the spirit. The scientific and methodological basis for the study of this problem is based on a transdisciplinary methodology within the framework of the linguosynergetic paradigm, which is developing in linguistics in the era of globalization. It characterizes the high level of development of science and technology and the integration of human activity. Therefore, the term synergetics (gr. Synergitikos – «joint activity», «influence») transformed from the sphere of natural science, expresses components and subsystems in the structure of a common system that were formed as a result of the internal organization of

complex relationships. This phenomenon, in accordance with the interdisciplinary trend, is also applied in the study of language.

Keywords: ethnocultural content, linguistic picture of the world, synergy, chaos, bifurcation, dissipation, etc.

Кіріспе

Ұлттық болмыстың рухтануына сәйкес игерілген тіл иесінің білімі мен этномәдени тәжірибесі, соның негізінде қалыптасқан, этномәдени мазмұны сіңірілген дүниетанымы «ғаламның тілдік бейнесі» туғызады. Бір нәрсенің я құбылыстың атауы болған лексикалық бірліктер, сөз тіркестері (фразеологизмдер, метафоралық қолданыстар т.б.) сөйлеуші санасында тек денотаттық түрде таңбаланып қана қоймай, ғалам бейнесінің бір бөлшегі ретінде тілдік санада коннотаттық та бейнесін құрады (Алефиренко, 2013).

Ақпаратты қабылдау, тілі арқылы сақтау, тасымалдау, негізінен, тұрақты жүйе арқылы жүзеге асатыны туралы тұжырым берік қалыптасқан. Бірақ құнды ақпаратты туғызу тілдік жүйенің тек тұрақсыздық жағдайында болатыны тілдік жүйе синергиясының ерекшелігін белгілейді. Сондықтан синергетик-ғалымдардың пікірінше, бізді қоршаған дүниенің барлық үдерісіне динамикалық сипат тән болса, онымен тығыз байланыстағы тіл де тұрақты даму үстіндегі қозғалыста болады. Осындай динамикалық мәннің адамнан және жалпы әлемнен тыс, сананың қызметінен тыс болуы мүмкін емес. Бұл хаос тіл мен сөйлеудің қарым-қатынасында, яғни жалғастырушы, күшейтуші көз бен (диссипацияның) қарым-қатынасында туады.

Қазақстан тіл білімінде синергетикаға байланысты хаос құбылысын профессор А.Қайыржанов былайша анықтайды: «Хаос – это диссипация, которую невозможно устранить, она разлита в самой природе и в то же время находится в нас самих. Она структурирована особым образом, без нее нет синергии (совокупности противоречивых движений), в этом случае нет развития, приводящее к накоплению и энергии в том или ином отрезке развития, приводящее к такому скачку, позволяющее переструктурировать всю систему на новом уровне эволюции» (Қайыржанов а, 2012).

Олай болса, ғылым мен техника дамуының жоғары деңгейі адам әрекетімен интеграциялық сипатқа ие болған жаһандану заманында транспәндік (пәнаралық) әдіснама ретінде лингвосинергетика парадигмасының пайда болуы кездейсоқ емес.

Жаратылыстану ілімдері саласынан ауысқан синергетика термині (гр. *synergikos* – «біріккен әрекет», «ықпал», «әсер») компоненттер мен кіші жүйелердің құрылымындағы бір-бірімен күрделі түрде әрекеттесуі нәтижесінде іштей ұйымдасуға әкелетін ортақ жүйені анықтайтын пәнаралық бағытқа қатысты лингвистикада да қолданылады.

Нақты айтқанда, XX ғасырдың 70-ші жылдарында ғылымның жаратылыстану саласында күрделі физикалық жүйедегі динамикалық бейсызықтық (нелинейный), тепе-теңсіз (неравновесный) үдерістер зерттеле бастады.

Жүйе дамуының көпвекторлық сипатына сай бейсызықтың тәртіптен тыс (нелинейность) сипаты тұрақты даму өлшемдерінің жүйесінде шектен тыс мағына тудырып, «қызып кеткен» (бифуркация) күйге түсуі нәтижесінде ерекше құрылымдаушы күшке ие болады. Себебі бұл жағдайда жүйенің дамуы флуктуацияның (тербелістің) ықпалымен аттактордың жаңа нүктесіне көтеріледі. Соның нәтижесінде, А.Қайыржановтың пікірінше, қайтымсыз сипатқа ие энтропиялық үдерістерді бұзып, жүйенің іштей өзін-өзі құрылуының, ұйымдастыруының басқа үрдісі туындайды (Қайыржанов а, 2012; 55-56).

Ал, тілдік жүйенің синергиясы бір-бірімен тығыз байланысты екі бастаудан жасампаздық (генерация) және диссипация (шашырау, тарау) тұрып, яғни тілдік-ақпараттық кеңістіктің ұлғайтушы және таратушы көзі ретінде танылады. Осы екі көздің диалектикалық бірлік және қарама-қарсылықтар күресі заңдылықтарына сай күйі тілдің және оның жүйесінің *қалыптан тыс, ашық, динамикалық* сипатын көрсетеді.

Тілдік жүйенің жасампаздық үдерісіне, негізінен, тұрақтылық тән болса, ал диссипацияның хаустық сипатына сай тілде жаңару құбылысы орын алады. Соның нәтижесінде тілдің даму үдерісі туғызған флукуация (тербеліс, ауу, ауысу) кезеңі тілдік жүйені «қыздырып», *жаңа тартылыс (аттрактор)* нүктесінде тілдің жаңа деңгейге көтерілуі басталады.

Демек, тілдік жүйенің жасампаздығы оның даму барысында тұрақсыз күйдің қалыптасып, яғни тілдік бірліктердің семантикалық қозғалысында *хаос* туғанда ғана мүмкін болады. Д.С. Чернавский синергияның мұндай үдерісін түсіндірме сөздіктердегі көпмағыналылық құбылысы және белгілі бір дискурстағы тілдік бірліктердің коннотативтік қолданысы негізінде түсіндіреді (Чернавский, 78).

Осыған орай М.М. Копыленко мен З.Д. Попованың лексемалар мен олардың тіркестеріндегі семантикалық қозғалысын (идиомалығын) денотативтік (D) және коннотативтік (K) тіркесте қарастырған теориясы бейнелі сөздің синергиясын түсіндіруде аса тиімді (Каиржанов б, 2007).

Материал және әдістер

Сөз мағынасының антропогенді мәдени даму жүйесін анықтауда синергетикалық зерттеулер семантикалық өрістің ортақ өзегі және оның айналасындағы жақын/алыс аймақтары арқылы түсіндірілген, қалыптасқан тұжырымды жоққа шығарады.

Қазақ тіліндегі этномәдени мазмұн сіңірілген фразеологизмдердің синергетикасын ашудағы ғылыми-әдіснамалық негіз ретінде М.М. Копыленконың мына пікірі маңызды: «...Нужно учитывать «семантический спектр» слова, который под влиянием лингвистических и внеязыковых факторов в центральном (ядерном) и латеральном (во время апогеи или перигеи) ареалах подвергают лексемы дисперсии или происходит банальное отторжение их из языка» (Копыленко, 1995:46).

Белгілі бір жүйені тану мақсатында жаратылыстану ғылымында қалыптасқан синергетикалық бағыттың соңғы кезде гуманитарлық ілімдерде де интеграция үрдісінің күшеюіне сай синергетика идеясының «ашықтық», «динамикалық», «қалыптан тыс» сипаты сияқты тәсілдері қолданыла бастады. Философиядағы синергетикалық дүниетаным «тұтас», «қалыптан тыс», «эволюциялық сипатта» түсіндірілсе, лингвистикада да ол тұтас, бірқалыпты емес, эволюциялық өзгермелі сипатта танылады. Осымен байланысты тілдің семиотикалық-синергетикалық сипаты «тілдің жаңа метафорасы» деп анықталады (Базилев, 1999).

Тіл де – іштей дамып, өзі ұйымдаса алатын динамикалық күрделі жүйе. Сондықтан іштей ұйымдасуға қатысты синергетика теориясы сипаттайтын пәнаралық салада анықталған заңдылықтар тіл мен коммуникация аясына да дендей бастады. Себебі лингвосинергетика тұрғысынан «қарым-қатынас» (коммуникация) ұғымын тек құрал ретінде немесе функционалдық сипатта ғана емес, сонымен бірге онтологиялық тұрғыдан түсіндіру оны социосинергетикалық мәнмен толықтырады.

Осымен байланысты тіл білімінде «синергетикалық қозғалыс» немесе коммуникативті жүйедегі тілдің өзін-өзі ұйымдастыру үдерістерімен байланысты лингвоси-

нергетика бағыты қалыптасуда. (Аршинов В.И., Свирский Я.И. Синергетическое движение в языке // Философия и синергетика. – М., 1994; Хакен Г. Синергетика. – М.: Мир, 1980; Герман И.А. Лингвосинергетика. – Барнаул, 2000 т.б.).

Бірақ құрылымдық парадигманың жүйелілік әдіснамасына сай статикалық күйде жүргізілген тілдің коммуникативтік, әлеуметтік болмысынан туындайтын жүйелілік сипатына негізделген бұл зерттеулерді синергиялық бағыттың бастау көздері деп санауға болады. (Уфимцева А.А. Опыт изучения лексики как системы. – М., 1962; Мельников Г.П. Системная лингвистика и ее отношение к структурной // Проблемы языкознания. – М., 1967; Солнцев В.М. Язык как системно-структурное образование. – М., 1977 т.б.).

Ал қазіргі қарым-қатынас теориясының әлеуметтік сипаты тереңірек танылып, «ғаламның тілдік бейнесін» мәтіндік, дискурстық кеңістікте ашу үрдісі олардың өз ішіндегі, мазмұнындағы сан алуан, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты үдерістерінің ашық, динамикалық жүйесіне сүйеніп, ішкі дамуын анықтайтын лингвосинергетика бағытын туғызды.

Сонымен, синергетикаға қатысты жаратылыстанушы ғалымдардың ұсынатын негізгі іргелі ұғымдары – *диссипация* («таралу», «шашырау»), *флуктуация* («тербеліс»), *тәртіптен тыс* («нелинейность»), *айнымалылық*, *әркелкілік* («неравновесность»), *аттрактор* («өзіне тарту») т.б. Осы қатардағы диссипативті жүйенің негізгі белгісі – *ашықтық*.

Мысалы, зат алмасу үдерісі – тірі жүйенің (ағзаның) өмір сүруінің маңызды белгісінің бірі. Яғни жүйенің динамикалық тепе-теңдігі оның өзін қоршаған ортамен тұрақты түрде зат, қуат, ақпаратпен алмасып, оларды таратып тұруы арқылы сақталады. Ал жүйе жаңа сападағы күйге ену үшін ол түрлі кездейсоқ (мысалы, экстралингвистикалық) тербелістердің (флуктуацияның) нәтижесінде тұрақтылығын жоғалтып, хаос тууы мүмкін. Бірақ сол хаос пайда болған жүйеде құрылымдарды ретке келтіретін іштей ұйымдасқан жүйе сақталады. Осындай жүйелердің әдістемесін зерттеген Б.Г.Юдин оны (хаосты) былай деп түсіндіреді: «Өздігінен бірігіп, ұйымдасқан жүйе сыртқы ортаның белсенді ықпалымен өзінің құрылымын өзгертіп, бірақ айналасына тән заңдылықтар шегінен шықпай тұтастығын сақтайтын, мүмкін болған бір тәртіпті таңдайтын жүйе» (Юдин, 1970: 360-361).

Бұл бағыттың ғылыми-әдіснамалық тереңіне бойлауға бүгінгі таңда мүмкіншілігіміз бен біліктілігіміз шектеулі болғанымен, қазіргі таңдағы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай коммуникативтік қызметінің кеңеюі (саяси, әлеуметтік, құқықтық, ақпараттық т.б.) мен, ең бастысы, қазақ тіл білімінде тілдің танымдық өзегі мен өміршеңдік, жасампаздық қабілетін дәлелдейтін антропоөзектік парадигманың кешенді кеңістігі зерттеушіден жүйелілік қағиданы талап етеді.

Әдебиетке шолу

Жоғарыда аталған тұжырымдарға жалғасқан синергетиканың ғылыми-әдіснамалық қағидаларын жаратылыстануда И.Р. Пригожин, И. Стенгерс (Порядок из хаоса: новый диалог человека с природой. – М., 1972); Г.Хакен (Синергетика. – М.: Мир, 1980.); Е.Н. Князева, С.П. Курдюмов (У истоков синергетического видения мира. – М., 1994.) т.с.с. ғалымдар анықтаса, филологияда – Н.Ф. Алефиренко (Лингвокультурология (ценностно-смысловое пространство языка). – М., 2013.); Д.С.Чернавский (Синергетика и информация: динамическая теория информации. –

М., 2004.); А.Қайыржанов (Синергия языка. – Астана, 2007.) т.б. жалғастыруда.

Ал бұл терминнің авторы – Штутгард университетінің профессоры Герман Хакен.

Сайып келгенде, синергетиканың қағидасына сай кез келген жүйе (табиғи, гуманитарлық т.б.) тұрақсыз, тепе-теңсіз, ашық, динамикалық, бейсызықтық өзін-өзі ұйымдастырушы сипатта дамиды.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, тіл дамуының жасампаздық (генерация), ауыспалылық (трансформация) сияқты негізгі қасиеттері мен диссипацияның (таралудың, шашыраудың) қарым-қатынасы барысында дәйек болатын ерекше құрылым – тіл жүйесінің синергиясы. Бұл арадағы тілдік кеңістік – ақпаратқа байланысты, бір жағынан, жасампаздық көз болса, екінші жағынан, шашыратушы, таратушы (диссипациялық) көз.

Сонымен, *диссипация* – кез келген жүйенің өзіндік дамуының объективті бейнесі, бөлшегі. Бұл үдеріссіз тілдің бірігіп түзілуі де мүмкін емес. Егер диссипация қозғаушы көзден басым болса, жаңа диссипаттық құрылымдар пайда болмайды, ал тілдік жүйе өзінің ұзақ тұрақсыз дамуында хаосқа ұшырайды. Мұндай өзара әрекет флуктуация арқылы аттрактордың жаңа нүктесінде жаңа жүйенің құрылымын туғызады. Демек, жасампаздық пен диссипацияның қарама-қарсылығының негізінде тілдің тұрақты да, өзгермелі де сипаты адамның, ақпарат иесінің еркінен тыс объективті құбылыс ретінде көрініс табады.

Сондықтан диссипацияның заңдылықтары ескерілмеген жағдайда тіл жүйесінің дамуы тұйыққа тіреледі.

Нәтижелер және талқылау

Тіл иесін рухтандырған сөз қуатының коммуникативтік қызметіне ықпалын тану қазақ тіл білімінде Қ.Жұбановтың (танымдық), А.Байтұрсынұлының (коммуникативтік-функционалдық) т.б. тұлғаларымыздың ғылыми мұрасынан бастау алған бұл бағыт кейінгі заманда Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Уәли т.б. аға ғалымдар еңбектерінде жалғасын тапты. Ал қазіргі тіл біліміндегі этнолингвистика, лингвомәдениеттану, мәтінтану, дискурс, когнитивтік зерттеулерінің деңгейі мен нәтижелері ендігі кезеңде тілді тұтас жүйе ретінде қарастыруымен ерекшеленіп, тіл біліміндегі «жүйе» мен «жүйелілік қасиет» (қызметі) туралы ұғымды антропоэзектік кеңістікте жаңғыртуды қажет ететіні айқындалып отыр. Соның нәтижесінде *ұлт пен тіл*, *ұлт пен мәдениет*, *ұлт пен қоғам* т.б. сабақтастықты тіл иесінің санасынан «тараған» күш арқылы іштей тығыз байланысқан жүйелер тоғысы деп дәлелдеуге болады.

Соған сәйкес бейімделіп, қиялы дамып, тәжірибесінің жинақталуы материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру барысындағы адамның өзін қоршаған ортамен саналы, шығармашылық, мақсатты қарым-қатынасын Э.Маркарян т.б. мәдениеттанушы-ғалымдар «тірлікті қамтамасыз ету мәдениеті» («культура жизнеобеспечения») деп атайды. Себебі ұжымдасқан ортада тірлік ететін тұлғаның этномәдени тұрғыдан әлеуметтенуінің негізі – оның коммуникативтік қызметінде. Ал қарым-қатынастың (коммуникацияның) негізгі құралы тіл екені белгілі (Маркарян, 1983).

В. Гумбольдттың лингвофилософиялық іліміне сай тіл – адам рухын бейнелеудің тәсілі, ал сөйлеу қызметі – адам рухы көрінуінің формасы. Бірақ ол тікелей сурет емес. Сондықтан тілдің айырмашылығы мен коммуникативтік қызмет ету ерекшеліктерін этномәдени таным бейнелейді. Осымен байланысты ойлау жүйесі жалпыадамзаттық феномен болғанмен, әр халықтың ұлттық дүниетанымын жинақтап, этномәдени ұжымның ерекшелігін сипаттайтын ойлау бейнесі әртүрлі болуы заңдылық.

Мысалы, қазақ сөзінің қазынасындағы этномазмұнды сөздердің сөйлеу барысында тиімді қолданысының мәні тек сөйлеушінің сөз мәдениетін ғана көрсетпейді, сөйлеушінің таным дүниесіне сай сөз синергетикасын да бейнелейтінін зерделі ғалым Н.Уәли сөз жүйесінің іштей тығыз байланыстағы ашық жүйесінің экспрессивті-коммуникативтік қызметі арқылы айшықты көрсетеді: «Сондай сөздердің бірі – *қан: қансонар* – «нағыз сонар»; *қан сәске* – «ұлы сәске», «түске таяу шақ»; *қансорпа* – «қызыл май болу»; *қан қаза* – «ауыр қаза»; *қан қазына* – «зор», «үлкен қазына»; *қан базар* – «қайнаған базар» т.б.». Осы соңғы тіркес ақын-жазушы, өзге де қалам иелерінің сөзқолданысында «у-шу», «қызық-думан» деген мағынада жұмсалады. «*Абай да бұрынғы жылдары осы Көлқайнардан сонау Байқошқар өзеніне жеткенше он шақты көшіп баратын сапарды қызығы бітпейтін қан базардың көшкеніндей көретін*» (М.Әуезов)... Бұдан кейінгі кез – *қан жайлау*. Бұл шақта жайлауға көшетін жұрттың бәрі келіп болып, бас-аяғы түгел жиналады. Той-думан, ас-су, қонақ кәде, ат жарыс, өнер жарыс т.б. қызықтардың өткізілетін шағы да осы тұс. Сондықтан да жайлаудың нағыз қызып қайнаған дер кезі *қан жайлау* деп аталса керек» (Уәлиев, 1984; 42-43). Бұл дәйек қазіргі ұрпаққа этномәдениетті танып, рухты жаңғыртудағы қазақ сөзінің синергетикасын танытудың үлгісін көрсетеді. Бұл арадағы синергетикалық арқау – қан сөзінің тіл иесінің санасындағы тілдің ашық жүйе және іштей тығыз байланыстылық заңдылығына сүйеніп, жаңғырып жалғасқан архетиптік семасы.

Демек, халық рухы қызметінің дамып, жалғасуы, ой түзіліміне әсер етуі, тілді жетілдіріп, байыта түсетіні әр халықтың өзіндік руханиятын тілден тыс қарауға болмайтынын көрсетеді. Сондықтан В. Гумбольдттың түсіндіруіне сай адам жанын, өмір салты мен мәдениетін білу арқылы тіл үйрену әрбір халықтың айналасында «рух шеңберін» орнатады. Сондықтан қазіргі заманда басқа тілдің өкілдеріне тіл үйретіп, оқыту тәжірибесін былай қойғанда, тіл иесінің өзіне ұлт болмысы мен рухын жаңғыртуда тіл мен мәдениет сабақтастығында жүргізілетін лингвокогнитивтік, этнолингвистикалық, лингвомәдени, социоллингвистикалық, психоллингвистикалық зерттеулердің сөз синергиясын түсіндіруде маңызды ерекше.

Осыған сәйкес профессор Қ.Жұбановтың түсінігінде тілде қалыптасқан мәдени атаулар – шындық өмірде қолданылатын материалдық туындыны ғана атамайды, күнделікті өмір тәжірибесі негізінде қалыптасқан этнотанымның тілдік санадағы ассоциативтік-вербалды көрінісі (Жұбанов; 1999; 325).

Осы тұрғыдан *күн көру, күн байыды, күн батты, Ұмай ана, безгегі ұстады* т.б. сөздердің «ғаламның тілдік бейнесі» ретінде этномәдени лексика қатары қалыптасуының тек филогенетикалық, онтологиялық сипаты ғана емес, санадағы уәждік негізі, уақыт пен кеңістік контексіндегі тіл иесінің этнотанымдық табиғатының да синергиясы ашылған. Біздің ойымызша, бұл бағыттағы зерттеулерде «тіл мен таным» сабақтастығының тілдік санада дүниенің концептуалдануын ұжымның өмірлік тәжірибесі, дәстүрі мен перцептивті-сезімдік қабылдауы негізінде іске асатынын «дүниенің аңғал суреті» немесе «дүниенің аңғал моделі» («наивная картина мира», «наивная модель мира») деп аталатын кезеңімен байланыстыруға болады. Бірақ бұл кезеңде социумның дүниені, табиғатты қабылдау деңгейіне сай жасалған «ғаламның тілдік бейнесі» – этноұжымның көп ғасырлық, танымдық қызметінің нәтижесі. Мысалы, Қ. Жұбанов зерттеулеріндегі *безгегі ұстады, жыны қозды, арқасы ұстады* т.б. тіркестердің мәнін талдауға мифтік таным деңгейіне сәйкес «аурудың иесі бар» деген түсінік негіз болады.

Мысалы, қазақ тілінің фразеологиялық жүйесіне енетін *Айдарынан жел ескен* тір-

кесі – қазіргі қолданыста адамның мінез-құлқын экспрессивті реңкте синергиялық күшін сипаттайтын бейнелі тіркес. Шын мәнінде академик Ә.Қайдардың түсіндіруінде – ерте заманда басқа да көптеген шығыс халықтарындағы тәрізді қазақтарда да күш-қуаттың белгісі ретінде ер адамдардың төбесіне шаш қою салты болған. Оны тарихи көздерді былай қойғанда тілімізде де сақтаған. Мыс., «Айдарлысын құл, тұлымдысын түл ету». Ал айдарынан жел ескен деген тіркестің тура мағынасы – «жел оңынан туып, көсіліп шауып келе жатқан салт аттының айдарының ескен желден желпіуі» деген ұғымның ауыспалы мағынада – алдына ешкім шыға алмайтын, төрт құбыласы тең, асқақтап дәурен сүретін, дегенін істейтін күш-қуаты мол адам (Қайдар, 2009; 89).

Сөз синергиясын танудың тіл иесінің танымына ықпал етуші жаңғыртушы құрал ретіндегі айшықты үлгісін *мәңгірт* сөзінің қазақ БАҚ-да өзектеліп, этномәдени мәнінің ашылуынан көреміз. Ә.Кекілбаевтың шығармасында астарланып қолданылған *мәңгірт* сөзінің архетиптік мазмұнының «туған ел-жұртын, ата-тегін, халқының ділін, тілін, салт-дәстүрін ұмытқан» ұғымына ұласып, қоғамдық-әлеуметтік терминге айналуы қазақ санасындағы семалық уәжді тиімді байланыстырған синергиялық үлгіні көрсетеді.

Сол сияқты қазақ көркем дискурсының антропоөзектік уәжділігімен сипатталатын этномәдени мазмұнды, мысалы, Ж. Нәжімеденов поэтикасындағы *қоңыр*, *тұлым* т.б. қолданыстарды да қазақ сөзінің синергиялық жүйесінде қарауға болады.

Ал, Махамбеттің жырындағы *қызғыш құс* қолданысын көрнекті ғалым Қ. Өмірәлиевтің тарихи-халықтық танымнан алынған символ ретінде түсіндіріп, оған уәж болған – халық танымындағы қызғыш құстың қамқоршы, «көл қорғаны» ретіндегі қасиетін «ел қорғаны» мәнін сабақтастырған тұжырымын да синергиялық жүйеде түсініп тану қазақ кестелі сөзін сипаттайтын лингвосинергетикалық маркерлер арқылы жүзеге асады.

Махамбет сөзінің тегеурінді көркем күші мен құдіретін (өзіндік метафора, теңеу т.б.) оның өлендерінің ерекше қоғамдық, әлеуметтік, саяси мазмұнын әрі көркемдік деңгейін күшейтіп, Махамбет сөзінің қуатын дәйектейтін ақындық болмысын көрсетеді:

*Мен бір шарға ұстаған қара балта,
Шабуын таппай кетілдім,
Қайраса тағы жетілдім* (Муратова, 2012; 55).

Осы үдерістің Тәуелсіздік кезеңдегі «рухани жаңғыру» бағдары аясында егеменді еліміздің өсіп-өнген тамырын тіл бойындағы ғаламат қуаты арқылы біртұтас етіп біріктіріп, түпқазығын бекіткен рухани қазынасын – ұлттық сананың заманауи даму деңгейіне сай туындатып, жаһандану заманына бейімделген тоғысқан қазіргі қоғамның күрделі мәселелерін айшықтайтын БАҚ тілінің прагматикасынан көреміз. Мысалы, *көкек ана*, *құрықтау* т.б.

Қазіргі қоғамдағы ұлттық сананы жаңа сапалық деңгейге көтеру үдерісімен сабақтас «рухани жаңғыру» бағдарын жүзеге асырудың бір құралы, этномәдени кодтың бір қазығы – тілдегі ономастикалық жүйенің синергиясын тану.

Жалпы халықтардың ат қоюы, я таңбаны таңдауы өзіндік тұрмыс салтының әдет-ғұрпының, көзқарастарының дүниетанымының әсерінен деп түсіндірілетіні белгілі. Осы тұрғыдан синергиялық жүйеде түсіндірілетін қазақ тілінің ономастикалық жүйесіндегі жаңғыру үрдісін де «ғаламның тілдік бейнесі» ретінде мифтік-танымнан поэтикалық ойға дейін жетілген ой мазмұнын, тілдік модельдердің сандық және сапалық қатынастарын бойына сіңіретін үздіксіз даму үстіндегі ашық жүйе деп қарауға

болады (*жерұйық, атамекен* т.б.).

Сайып келгенде, тіл және оның құдіретін танытатын сөз қазынасы – тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар адамзат ақыл-ойының (оның ішінде қазақ та бар) қайнар көзі, оның танымына сай толығып отыратын үзілмес қоры. Атап айтқанда, тіл қасиетінің қазақ дүниетанымындағы құндылықтық мәні мен күнделікті тұрмысындағы коммуникативтік мәнін күшейтіп, рухтандыратын ана тілінің әлемінде қазақ болмысын тіл арқылы танытатын тіл біліміндегі антропоэлектік үрдістің негізін дәйектеудің кешенді жүйесі қазақ сөзінің құдіреті арқылы жан-жақты дәлелденеді. Ол қазақ дүниетанымында тұжырымдалған тілдің қасиетіне, рухани-әлеуметтік қызметіне қатысты тіркестер арқылы айшықталады: *бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ; басқа пәле тілден; жыланның уы тісінде, жаманның уы тілінде; тіл тас жарарды, таяқ бас жарарды; тілі аңы; тілі байлану; тілі қысқа; тілі майда; тілінен бал тамған; тілінен табу; тілін табу; тілін тарту/тартпау; тілі тәтті т.б. және сөз жайын табады, су сайын табады; таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді; сөз бағу; сөз тізгінін бермеу; сөзі салмақты; алым-қашты сөз; астарлы сөз; басылқы сөз; аталы сөз; ауыр сөз; жақсы сөз – жарым ырыс; жаман сөз; жылы сөз; қаңқу сөз т.б. және абайлап сөйлеу; бетімен сөйлеу; мадақтап сөйлеу; тұспалдап сөйлеу* т.б.

Қорытынды

Жалпы В. Гумбольдттың қолданысындағы «рух» сөзінің ұғымы табиғатқа, адамға әсері бар сырттан келетін тылсым күш емес, тіл иесінің (адамның) жан дүниесіндегі ішкі қуаты мен ақыл-ойымен байланысты. Бұл пікірдің дұрыстығын қазіргі дүниенің пайда болуы туралы ілімнің биосфера, ноосфера салаларының ғылыми нәтижелері дәлелдеп отыр. В. Гумбольдттың «рух» туралы ілімінің ішіне адамға, жануарларға, нақты заттарға қатысты барлық білім, таным, бейнелер, наным-сенім, қиял т.б. жүйесі енеді. Сондықтан халық рухы тарихи даму барысында биологиялық тұрғыдан емес, рухани-әлеуметтік тұрғыдан дамып, өзгеріп отырады. Қазіргі күнде ол адамның ішкі жан дүниесі, психикасы, санасы деп түсініліп, ал оның тілдік бейнесі психоллингвистика саласында қарастырылуда. Осымен байланысты адамның рухани дүниесі оның бейнелеушілік қабілетінің дамуына, тілде бекітіліп, таңбалануына ықпал ететін сөз синергиясына сүйеніп, тіл адамның рухани қызметін күшейтеді. Мұны қазіргі тіл білімінің психоллингвистика саласы айқындап отыр. Сондықтан В. Гумбольдттың лингвофилософиясы тіл мен рухтың тіркесін адамның сөйлеу қызметімен байланыстырып, тілді әрекет («энергия») деп анықтайды.

Адамның өмір сүретін шынайы ортасын қоршаған заттар мен құбылыстар туралы жинақталған білімінен тұратын түсініктер жүйесі тіл иесінің санасында бейнеленіп, жеке адамдардың тәжірибесі мен түйсінуі ұжымдық тәжірибемен ұласуы «ғалам бейнесі» түрінде көрініс табады. Осылайша қалыптасатын ғалам бейнесі – белгілі бір ұлттық ұжымда қалыптасқан адамның танымдық қызметінің нәтижесі синергиялық жүйедегі ақыл-парасатының өнімі.

Қорыта айтқанда, қазіргі қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық сан салалы әрекеттеріндегі тілдің қызметіне байланысты рухани күштің арқауы – тіл құдіреті мен сөз байлығы. Оның бойындағы ұлттық құндылық ретіндегі сөз өнерінің өзіне тән болмысы мен табиғатын сөз иесінің болмысымен тығыз байланыста, кешенді сипатта ашудың негізгі қозғаушы тетігі – қоғамдық сананың жаңғыруымен байланысты айшықталған сөз қуаты. Басқаша айтқанда, кез келген коммуникативтік акт (көркем мәтін, мақала,

медиакеңістіктегі сөз т.б.) кезіндегі тілдік тұлғаның тиімді сөзқолданысы, ықпалды күші оның жан дүниесімен, ой-санасымен, тарихымен, мәдениетімен тұтастықта қабылданғанда ғана бағалы.

Соған орай қазақ сөзінің рухани-танымдық, жасампаздық тетік қызметіндегі тіл мен рух сабақтастығы біртұтас ұғым ретінде қарастырылады. Тілдің шығуы мен рухани күштердің дамуына түрлі себептер әсер етіп, дамығанмен ұлттық рухтың әрекеті тілде рухтың көрініс табуына жағдай жасаушы болып қалады.

Мақалада В. Гумбольдттың тілді адамның ойы мен саналы мәдениетін оның рухани өмірімен тығыз байланысты қарайтын «ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухын сөз байлығы мен көркем тілі арқылы сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл» деген лингвистикалық философиясына сай тұжырымы мен А. Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалтқан жұрттың өзі де жоғалады» деген қағидасы сөз синергетикасының антропоэзектік ұстанымы ретінде түсіндіріледі.

Әдебиеттер

Алефиренко Н.Ф. Лингвокультурология: ценностно-смысловое пространство языка. – М.: «Наука», 2013. – 288 с.

Каиржанов А.К. Византизм и ментальность Киевской Руси. – Киев: «Изд. дом Д.Бураго», 2012. – 312 с.

Чернавский Д.С. Синергетика и информация: динамическая теория информации. – М., 2004. – 304 с.

Каиржанов А.К. Синергия языка: моног., –Астана. – КУЭФиМТ: ИПЦ, 2007 –240 с.

Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. – Алматы: «Евразия», 1995. – 180 с.

Базилев В.Н. Новая метафора языка (семиотико-синергетический аспект): автореф. ... д.филол.н. – М., 1999. – 53 с.

Юдин Б.Г. Методологические проблемы исследования самоорганизующихся систем // Проблемы методологии системного исследования. – М.: «Мысль», 1970. – 455 с.

Маркарян Э.С. Культура жизнеобеспечения и этнос. – Ереван, 1983. – 319 с.

Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: «Мектеп», 1984. – 117 б.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 581 б.

Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). I том. Алматы: «Дайк-Пресс», 2009. – 784 б.

Муратова Е.Ю. Синергетический анализ поэтического текста // Вестник РУДН. Серия Теория языка. Семиотика. Семантика. – №2. 2012.

References

Alefirenko N.F. (2013) Lingvokul'turologija: cennostno-smyslovoe prostranstvo jazyka. – М.: «Наука», 2013. – 288 s. [Alefirenko N.F. (2013) Linguoculturology: the value-semantic space of language. – М.: «Science», 2013. – 288 p.] (in Russian)

Kairzhanov A.K. (2012) Vizantizm i mental'nost' Kievskoj Rusi. – Kiev: «Izd. dom D.Burago», 2012. – 312 s. [Kairzhanov A.K. (2012) Byzantism and the mentality of Kievan Rus. – Kiev: «Publishing house of D.Burago», 2012. – 312 p.] (in Russian)

Chernavskij D.S. (2004) Sinergetika i informacija: dinamicheskaja teorija informacii. – M., 2004. – 304 s [Chernavsky D.S. (2004) Synergetics and information: dynamic theory of information. – M., 2004. – 304 p.] (in Russian)

Kairzhanov A.K. (2007) Sinergija jazyka: monog, –Astana. – KUJeFiMT: IPC, 2007 –240 s. [Kairzhanov A.K. (2007) Synergy of language: monog, –Astana. – KUEFiMT: CPI, 2007–240 p.] (in Russian)

Kopylenko M.M. (1995) Osnovy jetnolingvistiki. – Almaty: «Evracija», 1995. – 180 s. [Kopylenko M.M. (1995) Fundamentals of ethnolinguistics. – Almaty: «Eurasia», 1995. – 180 p.] (in Russian)

Bazilev V.N. (1999) Novaja metafora jazyka (semiotiko-sinergeticheskij aspekt): avtoref... d.filol.n. – M., 1999. – 53 s. [Bazilev V.N. (1999) A new metaphor of language (semiotic-synergetic aspect): abstract ...D.philol.n. – M., 1999. – 53 p.] (in Russian)

Judin B.G. (1970) Metodologicheskie problemy issledovanija samoorganizujushhhsja sistem // Problemy motodologii sistemnogo issledovanija. – M.: «Mysl'», 1970. –455 s. [Judin B.G. (1970) Methodological problems of research of self-organizing systems // Problems of motodology of system research. – M.: «Thought», 1970. – 455 p.] (in Russian)

Markarjan Je.S.(1983) Kul'tura zhizneobespechenija i jetnos. – Erevan, 1983. – 319 s. [Markaryan E.S. (1983) Culture of life support and ethnicity. – Yerevan, 1983. – 319 p.] (in Russian)

Ualiev N. (1984) Soz madenieti. – Almaty: «Mektep», 1984. – 117 b. [Valiev N. (1984) Culture of words. – Almaty: “Mektep”, 1984. - 117 P. (in Kazakh)

Zhubanov K. (1999) Kazak tili zhonindegi zertteuler. – Almaty: «Gylym», 1999. – 581 b. [Zhubanov K. (1999) Research on the Kazakh language. Almaty: “Science”, 1999. – 581 p.] (in Kazakh)

Kaidar A. (2009) Kazaktar ana tili aleminde (ethnolinguisticalyk sozdik). I vol. Almaty: «Dyke-Press», 2009. – 784 b. [Kaidar A. (2009) Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary). Volume I. Almaty: Dyke-Press, 2009. - 784 p.] (in Kazakh)

Muratova E.Ju. (2012) Sinergeticheskij analiz pojeticheskogo teksta // Vestnik RUDN. Serija Teorija jazyka. Semiotika. Semantika. – №2. 2012. [Muratova E.Y. (2012) Synergetic analysis of the poetic text // Bulletin of the RUDN. The Theory of Language series. Semiotics. Semantics. – №2. 2012.] (in Russian)